



*Әл – Фараби атындағы Қазақ
Ұлттық Университеті*

Этиология және патогенез

Орындаған: Досмұқамет Д.Б
Тексерген: Атанбаева Г.К

Этиология — аурудың себептері мен пайда болуғағдайлары туралы ілім. Аурудың себебі болып әдеттегіден тыс санды және сапалы ерекшелігі бар тітіркендіргіш саналады, организмде ол өзіне тән өзгерістер тудырады. Ауру себептері шартты түрде эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) болып бөлінеді. Аурудың эндогендік себептері туа немесе жүре пайда болған организмнің дұрыс дамымауымен байланысты болуы мүмкін.

Аурудың экзогендік себептеріне сыртқы ортаның организмге әсер ететін факторлары жатады, олар механикалық, физикалық, химиялық және биологиялық болып бөлінеді. Кейбір аурулардың себебі осы күнге дейін анықталмаған. Кейде себептік фактор көптеген экзогендік және эндогендік факторлармен бірігіп әсер етеді. Бұл кезде ауру даму үшін организмнің қорғану бейімделу механизмдерінің жеткіліксіздігінің маңызы зор.

Ауру себептерге байланысты былай жіктеледі:

1) жұқпалы емес аурулар (тұқым және даму ақаулары, механикалық жарақаттар, химиялық, физикалық тітіркендіргіштердің ықпалынан және жануарларды азықтандыру, күтіп-бағу, жұмысқа пайдаланудың бұзылуына байланысты пайда болатын аурулар.

2) жұқпалы (індетті) аурулар (вирустық, бактериалдық, лейкоздар мен микотоксикоздар).

3) инвазиялық аурулар (протозооноздар, гельминтоздар, арахноэнтормоздар). Ауру туғызатын сыртқы ортаның факторлары жануарларды пайдалану, күтіп бағу, азықтандыру жағдайлары, географиялық және маусымдық климат ауытқуы және бейімдеу (тұқым қуалаушылық, құрылымдық, жастық, жыныстық өзгешеліктері, организм реактивтілігі) болып бөлінеді. Бұл жағдайлар бір-бірімен байланысты.

Патогенез (грек: pathos — зардап шегу, ауру, genesis - шығу тегі) дегеніміз — мал ауруының пайда болу механизмі, оның дамып жетілуі туралы ілім. Этиология мен патогенез бір-бірімен тығыз байланысты, патогенез даму үшін алғашқы бүліну процестерінің туындауы қажет. Организмнің патогенді факторлармен өзара қатынасу нәтижесінде ауру пайда болады. Сонымен, аурудың дамуы барысы мен ақыры организмнің күйіне, тұқым қуалаушылығына, икемділігіне, төзімділігіне, жүйке жүйелерінің функционалдық күйіне байланысты.

Ауру бүкіл организмді күйзелтіп, көбінесе жеке ағзаларға зақым келтіреді. Ауру әрқашан жергілікті ошақты және жалпы өзгерістермен сипатталады, олар өзара бірлікте болады. Кез келген жергілікті патологиялық процестер жалпы организмнің өзгеруіне әкеледі. Мысалы, қабыну процесі қанда лейкоциттердің, ЭТЖ көбеюіне, дене температурасының көтерілуіне және де басқа құбылыстарға өкелуі мүмкін.

Аурудың дамуында патогенездің буындары бірдей рөл атқармайды. Жетекші буындардың ішінде патогенездің негізгі буыны болып аурудың бастапқы дамуы саналады, ол себеп ықпал еткен соң басталады (мысалы, артериялық гиперемияда негізгі буыны болып тамырлардың кеңеюі саналады). Сонымен, патогенездің негізгі буынын жойса, онда патологиялық процестің дамуы тоқтатылады. Мал дәрігері негізгі процестің буынын тауып, себебін анықтап, тиімді шаралар және патогенетикалық емдеуді қолданады және де байқалған негізгі өзгерістерді қалпына келтіре алады.

Көптеген аурулардың дамуында жүйке жүйесінің, әсіресе жүйке рецепцияларының маңызы өте зор. Сонымен, көптеген патологиялық процестер рефлекторлы шақырылады. Патологияда жүйке жүйесінің рөлі организмнің қорғаныс реакциясына байланысты. Бірақ патология жағдайында жүйке жүйесі өзі де зақымдалуы (мысалы, қанда жиналған көмір қышқылы, улар) және реакциялары бұрмалануы да мүмкін.

Организмде ауру тудыратын агенттердің таралу жолдары:
1) жалғасу арқылы таралуы; 2) жанаса отырып жайылу; 3) қан, лимфа тамырлары арқылы таралу; 4) жүйке жүйесі арқылы таралу.

Жалғасу арқылы таралу бір орындағы тіннің жақын орналасқан қалыпты тінге ауру тудыратын агенттің әсер етуінен болады (ауыз қуысынан өңешке, қарынға, сосын ішекке таралуы). Жанаса отырып таралу — микробтардың қабынған өкпеден плевраға әтіп, оны қабындыруы. Микробтар мен токсиндер негізінен тамырлармен таралады, оны гематогендік жолмен таралу деп атайды. Жүйке тармағы арқылы негізінен вирустар (құтыру) және токсиндер де (сіреспе) таралуы мүмкін.

Ауруға шалдыққан кезінде организм өзгерудің екі түрі болады: қорғаныс бейімделу реакциясы және патологиялық өзгерістер. Патогендік факторлар ағзаларды зақымдап, патологиялық өзгерістер тудырады: ағзалар мен жүйелердің қызметін, қан айналысын, жүйке жүйесінің, эндокринді бездердің қызметін бұзады. Ал орнын толықтыру механизмдері бейімделу реакциялары мен қалпына келтіру факторлары арқылы патологиялық процестерді жойып, организмді қалпына келтіреді.